

**Н. Сиязбаев, Е. А. Бекетов ататындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің 1-бағам студенті**

**Фылыми жетекшісі: Ж. С. Рамазанова, Е. А. Бекетов ататындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің журналистика кафедрасының доценті, филология еылымдарының кандидаты**

## **ТЕЛЕЖУРГІЗУШІ ШЕБЕРЛІГІ**

Барлық бұқаралық ақпарат құралдарының ішіндегі ең кеңжесі телевидение саласы әлі көп зерттеуді қажет етеді. Қазақ телевиденисі 1958 жылдың көктемінен бастап алғаш хабарларын таратады. Екі адамның сұқбатына құрылған бағдарламалар, көңілді ойын-сауық хабарларының барлығы қарапайым көрермен көңілінен шығу үшін дайындалатын өнім. Әдетте, адам теледидардағы үн ырғағымен оянады, ертеңгілік жаттығу жұмыстарын да сол арнада етіп жатқан жаттыгулармен бірге жасайды. Телевидение өнерінен хабары жоқ жалпақ жұрт түсіне бермейді. Ал білген адамға олқылықтар көзге бірден көрініп-ақ тұрады. Отандық телеарналарда техникалық мүмкіндігі жағынан бес қаруы сай тұрған «Хабар» агенттігін ерекше атауға болады. Нағыз шығармашыл ұжыммен білікті техника мамандары бір тоғысқан жерде, әрине, нағыз кәсіби телеарна құруға болады. Бүтінгі телепулицистердің шеберлікті ұштап, талмай іздене беруі күнделікті істердің заңды бөлшегіне айналуы тиіс. Қазақ тіліндегі саяси-әлеуметтік, экономикалық бағдарламалардың пішіні қалай болуы керек? Қоғамдық-саяси тақырыптағы бағдарламалардың ұлттық табиғатын қайтсек табамыз? Ұлттық телехабарлардың беделін қалай көтеріп, мәнді де, сәнді етуге болады? Мәндісі әрі қажеттісі хабаралрады ұлттық тілді жүргізуге тырысу керек. «Хабар» арнасынан тікелей эфирде берілетін «Бетпе-бет» бағдарламасы көпшіліктің ақылшысына, жағымды хабардың жаршысына айналғалы қашан. Осы орайда хабардың алғаш жүргізушісі Нұртілеу Иманғалиұлының тәжірибесі мен тарихына көз жүгіртуге тұра келеді. Бағадарламада жүргізушінің сөз саптауы, хабарларды көпшілік түсінігіне, жанына жақын етіп ұйымдастыра білуі эфирге аға буын мен орта толқынның өздерін көбірек тартуы халықтың дәстүрмен сабактастырының көрсетеді. Көрермен ықыласы үшін күресте женіске жетпесек, онсыз да қағынан жеріген, ана тілі мен дәстүрінен алшақтап кеткен жас толқыннаң көкірегіндегі ұлттық сана-түсініктерді қалыптастыруымыз екіталай. Н. Иманғалиұлы ана тіліміздің мөлдіріне қаныш ішіп, тіл тазалығы мен сөйлеу нақышына ерекше мән береді. Оған өзі жүргізген хабарларындағы сөз саптауы мен ой тереңдігі күэ. «Бетпе-беттің» әрбір санында ел көкейіндегі өзекті мәселе көтеріліп, ол әңгіме арқауына өзек болып, көпшілік көңілін күпті етіп жүрген сұраптарға жауап іздел жатты. Бірде, хабар ел азаматтарының бірі, қадірменді ақсақал Асанбай Асқаровтың қайтыс болған күнінің кешінде Н. Иманғалиұлы ол кісінің үзенгілес жолдастары әрі көңіл жақын адамдармен студияда сұхбат өткізді. Әңгіме кезінде ел басқарған тұлғаның көзі тірі кезіндегі анызға айналған өмірі төнірегінде болды. Хабар қонақтарының бірі А. Батталханов ақсақал нақақтан жабылған жаладан түрмеге түскен Асанбай ағаның ұстамдылығы мен қындыққа қарсы тұрған ерлігін жырдай етіп айтты. Ал әңгіменің осылай өрбүіне де телепублицистің қатыстылығын әрі біліктілігін айтуға тиіспез. Өзі де хабар қонақтарының көленкесінде қалмай, төрде өзі отырып, студияның иесі екендігін танытуы тектілік емей, немене? Азулы ел ағаларының кейде бас бермей бұра тартқан шақтарында ол тізгінді тез жиып, студияны уысынан шығармауға тырысты. Ең бастысы, ой жинақы, сұрақ нақтылы, жауап ықшам. Жинақылық-нақтылық-ықшамдылық. Тележурналист біткеннің күні бүгінге дейін бағындыра алмай келе жатқан биіктегі. Кез келгеннің уысына түсіп, қиялана қонақтай бермейтін сәттілік. Оған интеллектуалдық алымдылық пен ойда жинақылық, тақырыпта мағыналық, логикада тереңдік керек. Ізденіс, пікірталас, зерттеу және салыстыру. Осылардың бәрі де тақырыптың өзектілігінен бастау ала отырып, басты өзекке көпшілікті женіл алып шығу. Сонда ғана тележүргізуші аудиторияның ықыласына бөленип, көпшіліктің сүйіктісіне айналады. Кәсіби шеберлігі кемелденген Нұртілеу Иманғалиұлы өзінің бай тәжірибесін өскелен ұрпакқа үлгі етіп келеді.